

"Электр техникасы өндірісінің жалпы кәсіптер" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 468 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 наурызда № 9186 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріп отырған "Электр техникасы өндірісінің жалпы кәсіптер" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.Ә. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты орындауды бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

"Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері" кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) "Электр техникалық өндіріс" кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеуге;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 03-2007) "71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және бұл салада техникалық кеңестер ұсыну";

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты: электр аспаптары мен құрылғыларын шығару және ішкі нарық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру, жоғары қосылған құнымен соңғы өнім өндірісін арттыру есебінен экспортты кеңейту;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы"

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын жүйелі түрде сынау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы"

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыру барысын бақылау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 2-кестесінде келтірілген.

3-параграф "Электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеуші"

8. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеуші";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеуші.

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр өлшегіш аспаптарын реттеу және шәкілдерін бөліктеудің жоғары дәлдігін қамтамасыз ету.

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеушінің еңбек жағдайына , білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 3-кестесінде келтірілген.

4-параграф "Сынап түзегіштерді құрастырушы"

9. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-3;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Сынап түзегіштерді құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: сынап түзегіштерді құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – сынап түзегіштерді құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Сынап түзегіштерді құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 4-кестесінде келтірілген.

5-параграф "Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы"

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-3;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 5-кестесінде келтірілген.

6-параграф "Трансформаторларды құрастырушы"

11. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Трансформаторларды құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: трансформаторларды құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – трансформаторларды құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің

ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Трансформаторларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 6-кестесінде келтірілген.

7-параграф "Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы"

12. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр өлшегіш аспаптарды құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 7-кестесінде келтірілген.

8-параграф "Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы"

13. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр машиналары мен аппараттарын құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс

орындары. Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 8-кестесінде келтірілген.

9-параграф "Термостатшы"

14. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-2;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Термостатшы";
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: термостатшы;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – өнімдерді термикалық өңдеу процесінің барысын бақылау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Термостатшының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 9-кестесінде келтірілген.

10-параграф "Электр монтажшы-схемашы"

15. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8282 "Электр монтажшы-схемашы";
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр монтажшы-схемашы;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр схемалары мен аспаптарды сапалы монтаждауды қамтамасыз ету.

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр монтажшы-схемашының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 10-кестесінде келтірілген.

11-параграф "Электр механик"

16. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 5-6;

2) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтардың мемлекеттік жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 05 – 2008) бойынша базалық тобы: 3113 "Электр және электр механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу"

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электр механик, электрик;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр және электр механикалық жабдықтарды монтаждау, жөндеу және пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 11-кестесінде келтірілген.

12-параграф "Техник, механик"

17. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 5-6;

2) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтардың мемлекеттік жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 05 – 2008) бойынша базалық тобы: 7222 "Механикалық өңдеу, машина жасаудағы бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: учаске немесе цех шебері, механигі;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – білдектерді, жабдықтар мен бақылау-өлшеуіш аспаптарын монтаждау, жөндеу және пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техник, механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 12-кестесінде келтірілген.

13-параграф "Инженер-энергетик (энергетик)"

18. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 7-8;

2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 08-2009) бойынша базалық тобы: 2143 "Электр энергетикасы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: инженер-энергетик, энергетик, бас энергетик;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – электр және электр механикалық жабдықтарды пайдалану, жөндеу және жобалау бойынша жұмысты ұйымдастыру және басқару;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-энергетиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 13-кестесінде келтірілген.

14-параграф "Инженер"

19. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 7-8;

2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 08-2009) бойынша базалық тобы: 2145 "Машина жасау";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: инженер, бас инженер, инженер-механик, бас механик;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – білдектерді, жабдықтар мен бақылау-өлшеуіш аспаптарын пайдалану, жөндеу және жобалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және басқару;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 14-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

20. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-14-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

21. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 1-14-кестелерінде келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

11. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

12. Осы КС негізінде берілетін сертификаттың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында қарастырылған КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

13. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

14. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.

"Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері"
кәсіби стандартына
1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы	ҚР МЖ 01-2005, ҚР МЖ 05-2008, ҚР МЖ 08-2009 сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейлері	БТБА бойынша разряды
1.	Электр машиналарының, аппараттары мен аспаптарының электрлік, механикалық және термикалық сынақтарын өткізу	Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы	Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы (8282)	2-4	2-6
2.	Электр машиналары, аппараттары мен аспаптарының құрастыру сапасын тексеру және қабылдау	Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы	Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы (8282)	2-4	2-6
	Шәкілдерді бөлуді жүзеге асыру және	Электр өлшегіш аспаптарын	Электр өлшегіш аспаптарын		

3.	электр өлшегіш аспаптарды реттеу	реттеуші-белгілеуші	реттеуші-белгілеуші (8282)	2-4	2-5
4.	Сынапты түзегіштер тораптарын жинау және дәлдеу	Сынап түзегіштерді құрастырушы	Сынап түзегіштерді құрастырушы (8282)	1-3	1-4
5.	Жоғары дәлдіктегі конденсаторлар тораптарын жинау және дәлдеу	Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы	Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы (8282)	1-3	1-4
6.	Трансформатор тораптарын жинау және дәлдеу	Трансформаторларды құрастырушы	Трансформаторларды құрастырушы (8282)	1-4	1-6
7.	Электр өлшегіш аспаптарды жинау, бөлу және реттеу	Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы	Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы (8282)	1-4	1-6
8.	Электр машиналары мен аппараттарын жинау және реттеу	Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы	Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы (8282)	1-4	1-6
9.	Термотұрақтандыру, жасанды тоздыру процестерін басқару, және термостат жұмысын қадағалау	Термостатшы	Термостатшы (8282)	1-2	1-2
10.	Электр машиналарының, аппараттары мен аспаптарының электр схемаларын құрастыру және қалыпқа келтіру	Электр монтажшы-схемашы	Электр монтажшы-схемашы (8282)	1-4	1-6
11	Электр және электр механикалық жабдықтарды пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)	Электр механик немесе электр-энергетика бакалавры	Электр механик (3113)	5-6	-

12	Білдектерді, жабдықтар мен бақылау-өлшеуіш аспаптарын пайдалану және жөндеу	Техник, механик немесе машина жасау бакалавры	Техник, механик (7222)	5-6	-
13	Электр және электр механикалық жабдықтарды пайдалану, жөндеу және жобалау салалар бойынша)	Энергетик, электрэнергетика бакалавры, магистры немесе (PhD докторы	Инженер-энергетик (энергетик) (2143)	7-8	-
14	Білдектерді, жабдықтар мен бақылау-өлшеуіш аспаптарын пайдалану және жөндеу және жобалау	Инженер, машина жасау бакалавры, магистры немесе PhD докторы	Инженер (2145)	7-8	-

Ескертпе: БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (19-шығарылым, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 425-ө-м "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" бұйрығына қосымша) (2012 жылғы 14 желтоқсанда № 8184 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген), 2-6-бөлім: "Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері"

"Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері"
кәсіби стандартына
2-қосымша
1-кесте

Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоғары вольтты кернеуден электрлік өріс	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі

2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білімінің болуы	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы	СБШ 2-деңгейінде кемінде 1 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

2-кесте

2. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білімінің болуы	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы	СБШ 2-деңгейінде кемінде 1 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

3-кесте

3. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеушінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде кемінде 1 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

4-кесте

4. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Сынап түзегіштерді құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Сынапты бу	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл

5-кесте

5. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл

6-кесте

6. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Трансформаторларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
--	--	--

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

7-кесте

7. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

8-кесте

8. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі

1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

9-кесте

9. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Термостатшының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл

10-кесте

10. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр монтажшы-схемашының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Негізгі орта білім, бірақ бастауыш білімнен төмен емес	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
2	Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім	СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл
3	Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білім	СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық)	СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл

11-кесте

11. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электр механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5	Техникалық және кәсіби білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
	Орта білімнен кейінгі білім	СБШ 4-деңгейінде кемінде 2 жыл
6	Техникалық және кәсіби білім	СБШ 5-деңгейінде кемінде 1 жыл
	Жоғары білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды

12-кесте

12. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техник, механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)		Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		-
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары		-
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5	Техникалық және кәсіби білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
	Орта білімнен кейінгі білім	СБШ 4-деңгейінде кемінде 2 жыл
6	Техникалық және кәсіби білім	СБШ 5-деңгейінде кемінде 1 жыл
	Жоғары білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды

13-кесте

13. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-энергетиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

--	--

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
7	Техникалық және кәсіби білім	СБШ 6-деңгейінде кемінде 1 жыл
	Жоғары білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
8	Жоғары білім	СБШ 7-деңгейінде кемінде 2 жыл
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды

14-кесте

14. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары	-	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
7	Жоғары білім	СБШ 6-деңгейінде кемінде 2 жыл
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды
8	Жоғары білім	СБШ 7-деңгейінде кемінде 3 жыл
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	Еңбек өтіліне талап қойылмайды

"Электр техникалық өндірісінің ортақ кәсіптері"
кәсіби стандартына
3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

1. "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын сынаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

--	--

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Қарапайым электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын электрлі, механикалық және термикалық, режимді өзгертуді талап етпейтін, сынақтардан өткізу
2 Ф	Электр машиналарының аппараттары мен аспаптарының бақылау электр сынақтарын өткізу. Электр машиналарын, аппараттарын сынауға байланысты қажетті есептерді орындау. Сыналатын жабдықтарды және аспаптарды қалыпқа келтіру және басқару
3 Ф	Трансформация коэффициентін, орамалардың ом қарсылығын оқшаулау сипаттамаларын, диэлектрикалық шығындарды өлшеу. Пайдалы істің қуатын, коэффициентін және басқа сипаттамаларын есептеп шығару. Сынақ кезінде байқалған ақауларды жою. Үлгілердің сынақ тәжірибелерінің хаттамаларын ресімдеу

2-кесте

2. "Электр машиналарын, аппараттары мен аспаптарын құрастыруды бақылаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Электр машиналарының негізгі сипаттамаларын тексеру. Әр түрлі күшті конденсаторлар түрлерінің электр шынжырларының, вакуум процесі мен құрғақ жинамаларының мықтылық және оқшаулық қасиеттерін бақылау. Тұрақты және ауыспалы токтың бағыттауыш аспаптарын электрлі тексеру
2 Ф	Шағын және орта қуатты тұрақты және ауыспалы токты электр машиналарын бақылау және түпкілікті қабылдау. Ақауларын айқындау және оларды уақытында жою шешімін қабылдау
3 Ф	Электр машиналары мен аспаптары сипаттамаларының төлқұжат деректеріне сәйкестігін арнайы стендтерде тексеру. Электр машиналары мен аспаптарын бақылау және түпкілікті қабылдау

3-кесте

3. "Электр өлшегіш аспаптарын реттеуші-белгілеуші" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

--	--

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	1,5 және одан төмен, 0,5 дейінгі класты электр өлшегіш аспаптарының шәкілдерін арнайы белгілеу қондырғыларында белгілеу; электрлік және механикалық реттеу; электр өлшегіш аспаптарын қалыпқа келтіру
2 Ф	0,5 және 0,1 дейінгі класты электр өлшегіш аспаптарының шәкілдерін арнайы белгілеу қондырғыларында белгілеу, электрлік және механикалық реттеу; абсолютті және салыстырмалы кемшіліктерін есептей отырып аспаптарды тексеру; түзету кестелерін жасау
3 Ф	0,1 және одан жоғары класты электр өлшегіш аспаптарының шәкілдерін арнайы белгілеу қондырғыларында белгілеу, электрлік және механикалық реттеу; үлгі және эталонды электр өлшегіш аспаптарын реттеу, дәлдеу және белгілеу

4-кесте

4. "Сынап түзегіштерді құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Біліктілігі жоғары құрастырушының басшылығымен сынап түзегіштердің қарапайым тораптарын құрастыру; бөлшектерді вакуумды жинауға дайындау; бөлшектерді тазалау, бензин және басқа еріткіштерде жуу, сүрту және сығылған ауамен үрлеу
2 Ф	Сынап түзегіштердің қарапайым тораптарын құрастыру; техникалық талаптарға сәйкес сынап түзегіштердің тораптарын слесарлік өңдеу және вакуумдық әдіспен құрастыру; өлшегіш және кесу құралдарын таңдау
3 Ф	Сынап түзегіштердің күрделі тораптарын және тәжірибелі үлгілерін құрастыру; жиналатын тораптар мен бөлшектерді келістіре отырып күрделі сынап түзегіштерін вакуумдық әдіспен құрастыру; қалыптық стендтер мен басқару пульттерін жинау және сынау; құрастыру кезінде ақауларды анықтау және жою

5-кесте

5. "Жоғары дәлдіктегі конденсаторларды құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

--	--

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Барынша жоғары біліктілі бар құрастырушының басшылығымен жоғары дәлдіктегі конденсаторлардың алмалы-салмалы бөліктерін ылғалданбаған пакеттерден құрастыру; құрастырар алдында бөлшектердің сыртқы түрін қарау және сүрту
2 Ф	Жоғары дәлдіктегі конденсаторлардың алмалы-салмалы бөліктерін ылғалданбаған пакеттерден құрастыру; конденсаторлардың алмалы-салмалы бөліктерінің электр схемаларын құрастыру және дәнекерлеу; жоғары дәлдіктегі конденсаторлардың ылғалданған алмалы-салмалы бөліктерін құрастыру; алмалы-салмалы сыйымдылықты қиюластыру; бұрулар мен шиналарды дәнекерлеу; ылғалданған конденсаторлардағы ақауларды анықтау және жою
3 Ф	Жоғары дәлдіктегі конденсаторлардың ылғалданған алмалы-салмалы бөліктерін құрастыру; келтірілген есептерге сәйкес сыйымдылықты одан әрі қиюластыру; сынаудан кейін конденсаторлардағы анықталған ақауларды бөлшектеу және жою

6-кесте

6. "Трансформаторларды құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Күштік трансформаторларын құрастыру бойынша жеке үлгілік операциялар орындау. Орауды білікке отырғызуға дайындау жұмыстары
2 Ф	Күштік трансформаторларын бірінші, екінші және үшінші құрастыру жөніндегі жұмыстарды орындау. Шағын қуатты автотрансформаторлар мен габариті шағын трансформаторларын құрастыру
3 Ф	Күштік трансформаторларды кернеуін жүктемемен реттей отырып бірінші, екінші және үшінші құрастыру жөніндегі жұмыстарды орындау. Вольтқосушы трансформаторды толық құрастыру
4 Ф	Қуатты бірегей күштік трансформаторларды және автотрансформаторларды бірінші, екінші және үшінші құрастыру жөніндегі жұмыстарды орындау. Электр пешінің трансформаторларын бірінші, екінші және үшінші құрастыру жөніндегі жұмыстарды орындау. Күштік трансформаторлар мен автотрансформаторларды кернеуін жүктемемен реттей отырып құрастыру

7-кесте

7. "Электр өлшегіш аспаптарды құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Құрастыруға дайындық жұмыстарын: құрастыруға арналған бөлшектерді тазалау, сүрту, жуу, жинақтауды орындау; қарапайым қол және электр және пневматикалық жетекті құралдарды пайдалану; өлшеу аспаптарының қарапайым сызбасын құрастыру
2 Ф	Қарапайым электр өлшеу аспаптарын құрастыру, механикалық және электрлік реттеу. Бақылау электр өлшегіш аспаптары мен өздігінен бапталатын қарапайым арнаулы қондырғыларды пайдалану. Жасалатын аспаптарды анықталған ақауларын жоя отырып сынау
3 Ф	Күрделі электр өлшегіш аспаптарын механикалық және электрлік реттеу, шәкілдерін бөлшектеу. Жауапты тораптарды жасау. Әр түрлі сынауларды жүргізуге қатысу
4 Ф	Ерекше күрделі, тәжірибелік, эталондық және бірегей электр өлшегіш аспаптарын жинау, механикалық және электрлік реттеу және шәкілдерін бөлшектеу. Аспаптардың күрделі бөлшектерін толық механикалық өңдеу; бөлшектерді өңдеудің, тораптар мен аспаптарды құрастырудың оңтайлы технологиялық кезектілігін таңдау; құрастыру кезінде сызба деректерін нақтылау; техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысу

8-кесте

8. "Электр машиналары мен аппараттарын құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Дайындық құрастыру жұмыстарын орындау; парақтарды алдын ала іріктеу; бөлшектерді шаблон бойынша белгілеу; негізгі механикалық деректері бар таблицаларды бекіту
	Машиналардың, төмен вольтті және жоғары вольтті аппараттар мен электр техникалық бұйымдардың қарапайым бөлшектерін, олар толық өзара ауыстырыла алатын кезде, арнаулы айлабұйымдар

2 Ф	мен құралды отырып пайдалана құрастыру; сызба сызықтарды плашкамен немесе белгілеуішпен қолмен не білдекте кесу; қарапайым электр машиналары мен аппараттарын құрастыру және реттеу; жинақталған электр машиналары төмен вольтті және жоғары вольтті аппаратураларды механикалық және электрлік реттеу; роторларды асинхронды электр машиналарының білігіне баспақтау; турбо және гидрогенераторлары, биіктігі 600 мм. дейінгі жоғары жиіліктегі электр машиналары статоры сегменттерінен өзекшені шикі құрамдау
3 Ф	Күрделілігі орташа электр машиналары мен аппараттарын құрастыру және реттеу; тораптар мен бөлшектердің жымдасатын беттерін өңдеу; гидрогенератор статорларының белсенді болат бөлігін баспақтау; турбо және гидрогенераторлары, биіктігі 600 мм. асатын жоғары жиіліктегі электр машиналары статоры сегменттерінен өзекшені шикі құрамдау; электр машиналарын, қуатты турбо және гидрогенераторларды, жоғары вольтті аппаратуралар мен қондырғыларды механикалық және электрлік реттеу; қуаты 150 кВт электр машиналары мен турбо және гидрогенераторлардың статорларын диаметрлері мен ходтары бойынша сыналарын айыру
4 Ф	Ерекше күрделі, жауапты және бірегей электр машиналары мен аппараттарын жеткере отырып түпкілікті құрастыру, реттеу; сутегімен және аралас салқындатылатын турбогенераторларды құрастыру, реттеу; құрастыру айлабұйымдарын, бақылау-өлшеу аспаптары мен қондырғыларын іріктеу; құрастырудың оңтайлы техникалық кезектілігін айқындау; бұйымдарды құрастыру кезінде қажетті есептер мен сызбаларды орындау

9-кесте

9. "Термостатшы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Термостаттардағы төмен сыныпты аспаптардың, қарапайым катушкалардың, рамкалардың, бөлшектер мен материалдарды термотұрақтандыру және жасанды тозу процесін жүргізу; аспаптарды, катушкаларды, рамкалар мен бөлшектерді тиеу және түсіру; термостаттарды қосу, қажетті режимді ұстау және ажырату; тиеу және түсіру уақытын тіркеу жазбасын жүргізу
	Термостаттардағы жоғары сыныпты жауапты катушкалардың термотұрақтандыру және жасанды

2 Ф	тозу процесін берілген режимге баптай отырып жүргізу; термостаттың жұмысын қадағалау және берілген температура режимін бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша реттеу; термостаттардағы аспаптар мен катушкалардың болу уақытын тозу нұсқаулығына сәйкес айқындау; аспаптар көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру; тіркеу журналын жүргізу
-----	---

10-кесте

10. "Электр монтажшы-схемашы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Тораптар мен бұйымдардың электр сызбасын монтаждаумен байланысты қосалқы жұмыстарды орындау. Сымдарды тазарту және кабель ұштарын орнату. Өткізгіштерді белгіленген түрге бояу. Өткізгіштерді оқшаулау және кабельді таңбалау
2 Ф	Қарапайым электр схемаларын сызбалар мен үлгілер бойынша монтаждау және байламдау. Өткізгіш топтарын байламдау және оқшаулау, оқшаулау лагымен сіңірмелеу. Күштік тізбедегі қарапайым шиналарды сызба немесе шаблон бойынша жасау және оны бұйымға орнату. Есіктер мен шкаф қақпақтарына арналған өткізгіштер топтарының шарнирлі өтпелерін жасау. Таратып бөлу секцияларындағы күштік тізбені орнату жеріне еркін жетерліктей етіп монтаждау
3 Ф	Ерекше күрделі, түрлі қимадағы өткізгіш саны көп электр сызбасын, аппаратура мен аспаптарды монтаждау. Станциялар мен басқару пультерін толық монтаждау. Электр және пневматикалық жабдықты монтаждау. Пішін үйлесімі күрделі шиналарға арналған шаблондарды жасау
4 Ф	Түрлі қимадағы өткізгіш саны көп тәжірибелік және эксперименталдық электр сызбасын, аппаратура мен аспаптарды монтаждау. Аппаратураға, тоқ күшіне, кернеу мен аппаратура мен аспаптардың орындалуына қарай монтаж сымын іріктеу. Монтаждау және құрастыру ақауларын біртіндеп жоя отырып, сызба учаскелерін анағұрлым оңтайлы орналастыра отырып қондырғы жұмысын тексеру. Коммутационды аппаратурасы мен электр механизмдерін баптау. Монтаждау мен таңбалаудың принциптік сызбасын жасау

11-кесте

11. "Электр механик" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Нақты технологиялық процесс учаскесінде әрекеттерінің нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдаумен жұмысшыларды басқару
2 Ф	Механизмдер мен өлшейтін аспаптардың жұмысына пайдаланушылық қызмет көрсету және бақылау
3 Ф	Қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ақауларды анықтау және жою

12-кесте

12. "Техник, механик" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Техникалық құжаттаманы жүргізу
2 Ф	Бекітілген жұмыс учаскесінде қол астындағы персоналды басқару
3 Ф	Сенімді жұмысты қамтамасыз ету, оның жүргізуіндегі құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен бақылауды жүзеге асыру
4 Ф	Жаңа технологиялық процестерді әзірлеу мен қолданыстағыларын жетілдіруге қатысу

13-кесте

13. "Инженер-энергетик (энергетик)" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін, кешенді регламенттелген қызмет көрсету, пайдалану жүйелерін; жабдыққа қызмет көрсету және пайдаланудың ілгерішіл технологиясын, еңбек сыйымды процестерді механикаландыруды ендіру
2 Ф	Жабдыққа қызмет көрсету және пайдалануды ұйымдастыруды жетілдіруге, қызметті ұйымдастыру сапасын арттыруға, ұйымның негізгі қорлары мен жабдығын пайдалану тиімділігін көтеруге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу
3 Ф	Өндірісті техникалық дамытуды, күрделі жөндеуді жоспарлау, негізгі қорларды жаңғырту бойынша жұмысқа, өндірістік қуаттардың балансын құруға қатысу

4 Ф	Жабдықты пайдалану, ұстау бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және ендірумен байланысты жұмысқа қатысу
-----	--

14-кесте

14. "Инженер" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін, кешенді регламенттелген қызмет көрсету, пайдалану жүйелерін; жабдыққа қызмет көрсету және пайдаланудың ілгерішіл технологиясын, еңбек сыйымды процестерді механикаландыруды ендіру
2 Ф	Жабдыққа қызмет көрсету және пайдалануды ұйымдастыруды жетілдіруге, қызметті ұйымдастыру сапасын арттыруға, ұйымның негізгі қорлары мен жабдығын пайдалану тиімділігін көтеруге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу
3 Ф	Өндірісті техникалық дамытуды, күрделі жөндеуді жоспарлау, негізгі қорларды жаңғырту бойынша жұмысқа, өндірістік қуаттардың балансын құруға қатысу
4 Ф	Жабдықты пайдалану, ұстау бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және ендірумен байланысты жұмысқа қатысу

Ескертпе: Ф – функция.

